

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 2 маусымдағы N 266 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының банктерінде клиенттердің банктік есепшоттарын ашу, жүргізу және жабу тәртібі туралы нұсқаулыққа өзгерістерді бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2001 жылғы 8 қазан N 382 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 13 қарашада тіркелді. Тіркеу N 1675. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 207 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.08.2016 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына ағымдағы есепшоттар ашу тәртібін нақтылау, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы валюталық бақылауды нығайту мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 2 маусымдағы N 266 V001199_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының банктерінде клиенттердің банктік есепшоттарын ашу, жүргізу және жабу тәртібі туралы нұсқаулыққа өзгерістер бекітілсін және өзгерістер мен осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күннен кейін күшіне енгізілсін.

2. Заң департаменті (Шәріпов С.Б.):

1) осы қаулыны және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 2 маусымдағы N 266 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының банктерінде клиенттердің банктік есепшоттарын ашу, жүргізу және жабу тәртібі туралы нұсқаулыққа өзгерістерді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу **ш а р л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;**

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 2 маусымдағы N 266 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының банктерінде клиенттердің банктік есепшоттарын ашу, жүргізу және жабу тәртібі туралы нұсқаулыққа өзгерістерді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық

аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына, екінші деңгейдегі банктерге және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары К.А. Колпаковқа жүктелсін.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі Басқармасының
2001 жылғы 8 қазандағы N 382
қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының
"Қазақстан Республикасының банктерінде клиенттердің банктік есепшоттарын ашу, жүргізу және жабу тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2000 жылғы 2 маусымдағы N 266 қаулысымен бекітілген
Қазақстан Республикасының банктерінде клиенттердің банктік есепшоттарын ашу, жүргізу және жабу тәртібі туралы нұсқаулыққа
ө з г е р і с т е р

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 2 маусымдағы N 266 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының банктерінде клиенттердің банктік есепшоттарын ашу, жүргізу және жабу тәртібі туралы нұсқаулыққа мынадай өзгерістер енгізілсін:

1. 11-тармақтың б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"б) таратылатын банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, олардың филиалдары үшін (бұдан әрі - қаржы ұйымы):

қаржы ұйымы тарату комиссиясының бірінші және екінші қол үлгілері не бірінші қол үлгісі және таратылатын қаржы ұйымының мөр таңбасы бар құжат;

таратылатын қаржы ұйымын салық есебіне қою фактісін растайтын салық қызметі органы берген құжаттың көшірмесі;

қаржы ұйымын тарату және тарату комиссиясын тағайындау туралы (сот, уәкілетті орган не акционерлердің жалпы жиналысы) шешімінің көшірмесі;
сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына банктік және басқа да операцияларды жүргізуге лицензияны қайтарып алу туралы уәкілетті орган ш е ш і м і н і ң к ө ш і р м е с і ;

банктер, олардың филиалдары үшін - таратылатын қаржы ұйымының екінші деңгейдегі банктерде ағымдағы есепшотын ашуға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі рұқсатының көшірмесі".

2. 43-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"43. Банктік есепшотты осы есепшотқа орындалмаған талаптар болған кезде жабуға, сондай-ақ клиент банкке Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес ұсынатын тауарлардың (жұмыстың, қызметтің) экспортына/импортына сыртқы экономикалық келісім-шарттар бойынша клиентте орындалмаған талаптар және/немесе міндеттемелер болған кезде ағымдағы

есепшотты жабуға тыйым салынады.

Осы тармақтың бірінші азатжолында белгіленген тыйым салу заңды тұлға-клиенттің таратылуына немесе қайта ұйымдастырылуына байланысты есепшотты жабу немесе заңды тұлғаның есепшотында ақшаның бір жылдан астам, ал жеке тұлғада - үш жылдан астам болмау жағдайларына қолданылмайды".

Ұлттық Банк

Төрағасы

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.